

способность и влияет в целом на развитие производства в особенности среднего и малого бизнеса. Возникает эффект замкнутого круга: снижение объемов потребления ведет к сокращению производства. Что, в свою очередь, ведет к уменьшению занятости и дальнейшему снижению покупательской способности населения. Естественно, для проведения сильной региональной антикризисной экономической политики необходимо перейти от борьбы с последствиями кризисных явлений к активному применению упреждающих мер антикризисного управления.

Развитие региональной экономики при всех территориальных различиях, свойственных государствам с обширной территорией, тем не менее, в значительной степени предопределяется экономической политикой государства на общенациональном уровне. В связи с этим, уместно подчеркнуть, что Казахстан не является федеративным государством, поэтому различие между регионами сводится к объективной дифференциации, связанной с природоклиматическими факторами, с насыщенностью территории природными ресурсами, с демографическими и социально-культурными различиями.

Выводы

Антикризисное управление на региональном уровне во многом зависит от борьбы с кризисными явлениями в общенациональном масштабе. Вместе с тем, необходимо провести четкое разграничение антикризисного управления на различных уровнях национальной экономики.

ЛИТЕРАТУРА

1. Днишев Ф.М. Развитие национальных производительных сил. Т. 1, Алматы, 2001, 326 с.

ББК 65.050.2.

Балқияұлы Нуридін – э.ғ.к., профессор (Алматы ҚазККА)

ӨНІРДІҢ ДАМУЫ – ЕЛДІҢ ДАМУЫ

Нарықтық жүйедегі мемлекеттің даму барысында аймақтардың және олардың билік ететін органдарының ролі арта түседі. Оның негізгі себептері: өмірдің әлеуметтік жағы және адам факторының басым рол атқаруы, аймақтардың өзара байланыстарының ұлғаюы; еңбек қорлары жылжымалылығының күшейе түсуі; аймақтардың өндіріс құрылымы мен инфрақұрылымының күрделене түсуі; территориялық еңбек бөлінісі әрі оның тереңдей түсуі мен халықаралық маңызының артуы;

Аймақтық саясаттың негізгі көрсеткіші болып өндірушілер мен тұтынушылардың экономикалық бостандығы мен шығармашылық іскерлігі болып табылады. Өзін – өзі басқарудың нәтижесі нақтылы территориядағы тұрғындардың мұқтажын қамтамасыз ету деңгейі және сол өндіріс ұттық табысқа қосқан үлесі.

Осы көзқарастар негізінде Ақтөбе облысының экономикалық көрсеткіштерін талдап көрейік. Мемлекет басшысының өткен жылы Қазақстан халқына арнаған «Дағдарыстан-жанау мен дамуға» жолдауында белгіленген міндеттерге сәйкес облыстық 2009 жылғы әлеуметтік – экономикалық дамуының негізгі бағыттары етіп, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу, инфляциялық процестерін тежеу, экономикалық өсімге қол жеткізу, дағдарыстан кейінгі тұрақты даму үшін жағдай жасауды мақсат етіп, жұмыс жүргізген, экономиканы «қолмен басқару» негізіне сәйкес жастарды орындауға бақылау мақсатында экономиканы тұрақтандыру мен әлеуметтік


қақтығыстардың алдын алу жөнінде штаб және дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру мен тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуді бақылау комиссиясы жұмыс жасауда. Өндірістің, жұмыспен қамтудың жағдайын және жалақыны төлеу, уақтылы тұрақтандыру шараларын алу мәселелерін анықтай отыру үшін облыс кәсіпорындарының қызметіне жедел мониторинг ұйымдастырылған. Инвестициялық жобаларды, сондай – ақ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жүзеге асыру кезінде мөлдірлікті анықтауда жергілікті қамтуды ұлғайту мәселесі бойынша облыстық ірі кәсіпорындарымен тиісті жұмыс жүргізілген. Әлеуметтік шиеленісті болдырмау үшін әкімдік, кәсіподақ және «Атамекен» ҚҰЭП АФ бірлесіп, жұмыс орындарын сақтау мен жұмысшыларды жаппай жұмыстан шығаруды болдырмау мақсатында ірі компаниялармен меморандумға қол жеткізген.

Мемлекеттік тұрақтандыру бағдарламасы ауқымында шағын және орта бизнес субъектілерін бөлінген қаражаттарды қолдауға екінші деңгейлі банктер филиалдары арқылы 9.5 млрд. теңге игерілген.

Мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттыру бағытында облыс бойынша жалпы сомасы 1,1 млрд. теңгеге басымды емес шығыстары оңтайландырылған, оның ішінде әкімшілік шығыстары – 349,2 млн. теңге, олар өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлауды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Жол картасының» инвестициялық бағыттарын қаржыландыру үшін бағытталған. Осы бағдарлама шеңберінде 24298 жұмыс орны ашылып, 11712,3 млн. теңге игерілген, тұрғын үй коммуналды шаруашылық жүйесін реконструкциялау мен дамытуға 4987 млн. теңгелік 21 инвестициялық жоба іске асырылған, 739 км. автожолдар салынып және жөнделген, мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерін жөндеуге 3426,8 млн. теңге игерілген.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2009 жылғы тұтыну бағасы индексі 105,8 % құраған (1-кестеге қараңыз), оның ішінде азық-түлік тауарлары – 103,8 % (103,0 %), ақылы қызметтер – 106,0 % (108,4%).

1-кесте. Тұтыну бағаларының индексі.



Бағалау бойынша өңірдің жалпы өнімі – 102,5 % болды.

Облыстың экономикалық дамуының параметрлері негізгі индикаторларының 2008 жылмен салыстырғанда елеулі өсуімен сипатталады.

2-кесте. Өңірдің жалпы өнімі көрсеткіштері.

	Көрсеткіштер	НХН, % 2009 ж.	
		облыс	ҚР.
1	Өнеркәсіп өндірісі	105,8	101,7
2	Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі	100,1	113,8
3	Құрылыс жұмыстарының көлемі	100,6	95,1
4	Негізгі капиталға инвестициялар	102,7	102,1
5	Көліктің барлық түрлері бойынша жүк айналымы	105,3	91,1
6	Байланыс қызметінен кәсіпорындар кірісі	98,3	108,3
7	Бөлшек сауда	118,1	96,1

Орташа айлық жалақы қаңтар-қараша айында 6,7 %, ақшалай кірістер 8,3 %, тұрғындардың банклердегі салымдары 15 %-ға ұлғайған.

Облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындары 702,3 млрд. теңге көлемінде өнім өндірген (ол Республикалық көлемнің 8 % құрайды) және өткен жылмен салыстырғанда 5,6 % артық.

Өңдеу өнеркәсібінде нақты көлем индексі – 101,8 %, электр қуатын, газ және суды өндіру – 107,3 %.

2010 жылдың 1 қаңтарында несиелер бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 162,3 млрд. теңгені құрап, 2008 жылмен салыстырғанда 4,8 %-ға азайтылған.


Экономикалық өнеркәсіп секторында 203,3 млрд. теңге инвестицияланған, өткен жылдан өсуі 8,3 % құрайды. Республиканың индустриалдық – инновациялық даму стратегиясы ауқымында сомасы 1,5 млрд. АҚШ долларына 54 инвестициялық жоба іске асырылып, 6,5 мың жаңа жұмыс орны құрылған.

Сыртқы сауда айналымы 5,3 млрд. АҚШ доллары болып, оның ішінде экспорт – 3,9 млрд., импорт – 1,4 млрд. АҚШ долларын құраған. Жаңа сату нарығын игеру есебінен қарым-қатынастағы елдер көбейіп, облыстың сауда-экономикалық әріптестерінің саны 400-ден асып, тіркелген, бірлескен және шетел кәсіпорындарының саны 530-ға жеткен.

Облыстың ірі кәсіпорындарының сервистік қызмет көрсетуінде Қазақстандық қамтуды ұлғайту бағдарламасын жасау үшін маркетингтік – талдама зерттеулер жүргізіліп, Қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетуді сатып алуға жалпы сомасы 177,1 млрд. теңге 4837 шарт жасалынған, оның 62,6 %-ы Қазақстандық қамту үлесі.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың басты бағыттарының бірі – қаржылық қолдау. Мемлекеттік сатып алу сомасы 67,7 млрд. теңге құрап, оның 42,4 млрд. теңге немесе 62,6 % шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тауарлары, жұмыстары мен қызметтерінің үлесіне тиісті. Кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы саны 43630 бірлікті құрап, 4,5 % ұлғайған. Шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыс жасайтындар саны – 158,0 мыңға жетіп, аймақтық экономикасында жұмыс жасайтын тұрғындардың 40 % құрайды, өндірілген өнімдері 151,8 млрд. теңгеге жеткен және жалпы облыс өнімінің 19 % құрайды. (3-кесте). Жеке кәсіпкерліктің дамуына кәсіпкерлік инфрақұрылымының маңызды элементтері: Бизнес-инкубаторлар, консалтингтік және несие беру орталықтарының белсенді жұмыстары әсер етуде.

3-кесте. 2005-2009 жылдардағы Ақтөбе облысы бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы



Агроөнеркәсіп кешенінің дамыту дағдарыстан шығуға бағытталған. Бар қаражаттар Ақтөбе қаласы және аудан орталықтары айналасында азық-түлік белдеуін құру есебінен тұрғындарды негізгі азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсарту және ауыл шаруашылық өндірісін тұрақты болуы үшін жағдай жасауға, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту және өмір сүру жағдайын жақсартуға жұмсалған. Ауыл шаруашылық өндірісінде қазіргі заманғы техник және өзгерістерді басымды қолдау саясаты іске асырылған. Осы мақсаттарға мемлекеттік қаражаттың 9,0 млрд. теңгесі пайдаланылған, бұл өткен жылғыдан 39,4 %-ға көп. Ақтөбе қаласы айналасында азық-түлік белдеуін құру мақсатында 4,7 млрд. теңге инвестицияланып, ол кластерлерді дамыту бойынша жүргізілуде. Бүгінде бес кластер: дәнді-дақыл кластері – 440 шаруашылық объектісін; екі кластері – 109 субъектіні; сүт кластері – 52 субъектіні; көкөніс кластері – 162 субъектіні; өсімдік май кластері – 36 субъектіні біріктіреді. Жыл қорытындысы бойынша облыстың негізгі капиталына тартылған инвестиция көлемі 307,2 млрд. теңгені құрап, 2,7 % өскен.

Қаржылық дағдарыс шетел инвестицияларының көлемін азайтуға әсер еткен және 54 %-ға кеміген, есесіне негізгі капиталға тартылған кәсіпорындар, ұйымдар мен тұрғындардың жеке қаражаттары 18%-ға, республикалық бюджеттен – 66 %-ға, жергілікті бюджеттен – 62 %-ға ұлғайған.


4-кесте. Пайдаланған инвестициялар көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.
Негізгі капиталға инвестициялары, млн. теңге барлығы	184131	187090	225176	287212	307212
Республикалық бюджет қаражаттары	20165	9797	13972	20253	33639
Жергілікті бюджет қаражаттары	2750	5804	7337	12861	20841
Шетел инвесторларының қаражаттары	25019	20925	13463	51216	39052
Кәсіпорындар, ұйымдар және тұрғындар қаражаттары	136194	133012	149513	159807	188341
Басқа да заемдық қаражаттары		17552	40811	43075	25339

Нақты пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемі 382,3 мың шаршы метр, 3,3 %-ға артқан.

Жұмыспен қамтуға ықпал жасауға қосымша шаралар, толық емес кестемен жасайтын мекемелердің айталық мониторингі жүргізіліп, атқарушы биліктің және облыстың мемлекеттік органдарының қызметтері тұрғындарды әлеуметтік қорғауға бағытталды.

5 кесте. 2009 жылы облыс бойынша жаңа жұмыс орындарын ашу және азаматтарды жұмысқа орналастыру көрсеткіштері



Жалпы жұмыссыздық деңгейі 6,4 %-дан 5,9%-ға дейін төмендеген. (Республикалық орташа көрсеткіші – 6,3 %)

Облыстың экономикасын талдауды **қорытындыласақ:**

1. Аймақ экономикасы дағдарыс тығырығынан шығу кезеңінде. 2009 жыл қорытындысы бойынша өңірдің жалпы өнімі өткен жылмен салыстырғанда 2,5 %-ға өскен, тұтыну бағасы индексі инфляция 5,8 %, жалпы жұмыссыздық 5,9 % құраған.

2. «Жол картасын» іске асырудың нәтижесінде 24298 жұмыс орын ашылған, көптеген елді мекендердің тұрғын үй-коммунальдық саласында қалалар мен ауылдар инфрақұрылымында жағдай едәуір жақсара түскен 4384 әлеуметтік жұмыс орны ашылып, жастар тәжірибесіне 324 жас маман жіберілген, кәсіби даярлау және қайта даярлауға – 6509 адам жіберілді. Дағдарысқа қарсы шаралар одан әрі жүргізілген және ол өз нәтижесін беруде.

3. Дағдарыс кезеңінде одан шығу үшін экономиканы басқаруда мемлекеттің ролін, оның ішінде аймақты басқарудағы мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару адамдарының ролі мен жауапкершілігін арттыру қажеттілігі дәлелденді. Тәжірибе көрсеткендей экономиканы жоспарлы – реттеудің қажеттілігі және онда қабылданған шараларда пайымды іске асырғанда ғана оң нәтижеге жетуге болады. Оған сонымен қатар Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Малазия т.б. азия елдерінің жоспарлау негізіндегі мемлекеттік реттеуден нәтижесінде ұзақ мерзімде тұрақты дамуы дәлел болады.

4. Облыстың жол картасының инвестициялық бағыттары шеңберіндегі жобалар (99,6-ға орындалған), мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеу мен жылыту бағыты бойынша (99,5%), өңірлік бағдармалар іс-шараларын іске асыруға бөлінген республикалық бюджеттен (99,8%), кәсіпорынының жеке қаражаттары, демеушілік көмек (98,4 %) т.б. жоспарлар толығымен іске асырылғанда экономикалық өсуде жоғары болар еді.

5. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қорытындылағанда кәсіпорындардың рентабелділігі, өндірістің негізгі факторларының нәтижелілігі, еңбек сенімділігі сияқты ең маңызды көрсеткіштер талданбайды. Ресми көрсетілген инвестиция көлемі мен пайдаланған қаржылардың қалай жұмсалғаны белгісіз. Шектелген қорларды өндірісте тиімді пайдалану үшін шаруашылықтың барлық деңгейінде қызметтер нәтижесін бағалаудың тиімді көрсеткіштерін енгізу керек.

6. Қаржылық дағдарысқа байланысты облыста шетел инвестицияларының көлемі 54 %-ға төмендеген. Сондықтан да өңірлерде жұмыс істеуге дайын инвесторлар үшін барынша тартымды жағдай жасайтын экономиканың қаржы және несие-инвестициялық механизмін түзу керек.

7. Өңір экономикасындағы мұнай өндірудің үлесін көріктік қуаттарды дамыту және экономиканы әртараптандыру қажеттілігіне байланысты облыста машина жасау саласын дамыту актуалды мәселе. Оған бұрында да бұл салада жиналған тәжірибе жеткілікті.

ӘДЕБИЕТ

1) Н. Ә. Назарбаев «Жаңа он жылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жалпы мүмкіндіктері». Президент және халық. 5 ақпан 2010ж.

2) «Ақтөбе облысының 2009 жылғы әлеуметтік – экономикалық даму стратегиясы және 2010 жылға арналған міндеттері туралы» есебінің тезистері. Ақтөбе. 3 ақпан 2010ж.

УДК 330.342.23(574)

Бишимбаев Куандык Валиханович – к.э.н., докторант (Алматы, КазНАУ)

ОСОБЕННОСТИ ПОЛИТИКИ ИНДУСТРИАЛЬНОГО РОСТА В КАЗАХСТАНЕ

В XIX - начале XX века западноевропейские нации, ранее других овладевшие достижениями промышленной революции, создали общую модель цивилизации - техногенную, индустриальную. В соответствии с этой моделью каждая страна, избравшая ее, должна в своем развитии вступить на путь индустриализации, последовательно преодолевая все более усложнявшиеся ее стадии.

За годы Советской власти индустриализация в Казахстане позволила сформировать крупный экономический потенциал, параметры которого (масштаб, структура, эффективность) характерны для среднеразвитой индустриально-аграрной страны. Не случайно, по уровню экономического развития, измеряемому через показатель валового внутреннего продукта, республика находилась в начале 1990-х годов на 53 месте среди 110 стран мира. Вместе с тем, процесс индустриализации в республике остался практически незавершенным. Основания для такого вывода появляются, если понимать индустриализацию не только как опережающий рост промышленности, но включать в ее содержание также модернизацию производительных сил в сельском хозяйстве, производственной инфраструктуре, сфере услуг на базе индустриальных технологий. Иначе говоря, индустриализацию с широких позиций необходимо увязывать с изменениями в технологическом базисе. Такая увязка обеспечивается через применение понятия технологического уклада. Именно в этом аспекте допустимо говорить о том, что Казахстан, где современные технологические уклады не доминируют, миновал только начальные стадии индустриализации. Действующая система статистического учета не позволяет достаточно точно выделить соотношение технологических укладов. На этот счет имеются экспертные оценки, например, применительно к экономике России.